

Жаңа жыл

Тәрбиеші:

Келді міне жаңа жыл сауле шашып,
Құлпырады табиғат нұрын шашып.
Жаңа жылды ағайын қарсы алайық,
Шашу шашып, би билеп, ән салайық.

Құрметті ата-аналар, әріптестер, бүлдіршіндер келе жатқан Жаңа жыл баршамызға құтты болсын!! «Айгөлек» М.А.Д. тобының жаңа жылдық ертеңгілігімізге қош келіпсіздер. Әсем әуенмен балаларымызды ортаға шақырайық.

Жаңа жылдық әуенмен балалар ортаға келеді.

Ән «Жаңа жыл» хор.

-Балалар ортамызға Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық, өнерімізді тамашаласын.

-Аяз ата, Аяз ата!

-Жақсы енді жаңа жылдық тақпақтарымызды айтып шығайық.

Жап-жасыл шыршамыз,
Қандай тамаша.
Басында жұлдызы,
Тұрады жараса.

Аяна

Ойнаймыз, тойлаймыз
Біздің бақшада.
Ойыншықтар көп екен,
Әсем шыршада.

Ислам

Тамаша, тамаша
Аяз ата келеді.
Өнімізге қосылып,
Бізге сыйлық береді.

Орта

Шұғыла

Жаңа жыл, жаңа жыл,
Қош келдің тағыда.
Дайындалып жаңа жыр,
Біз күттік сағына.

Еркемай

Ортаға мыстан келеді. Менің туристік агенством бар сендерді әлемді аралауға шақырамын. Алдымен Антарктидаға жіберейін.

Би «Снежинкалар»



Жаңа жыл, жана жыл
Жана жылға жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр.

Алихан

Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын
Төрле, төрлет жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Фариза

Далада қар борайды
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қатады
Жып-жылтыр боп жатады.

Рамина

Жаңа жыл келгенде,
Қуаныл қарсы аламыз.
Аяз ата келгенде,

Билейміз ән саламыз.

Ернар

Айналамда ұшып жүр,
Ақ мамық қар себелеп.
Қалт құлт еткен бейне бір,
Ақ қанатты көбелек.

Аян

Балалар сендерге ұнады ма суық елден сон жылы жакка жіберейін сендерді

Би «Жабайылар»



Ақша қар,ақша қар,
Аппақ болып қонасың.
Тоса қалсам қолымды
Алақаныма толасың

Айнұр

Ақ қар жапты даланы,
Ақ жамылды айнала.
Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға.

Раяна

Ауыл маңы қар аппақ,
Қызықтар көп не түрлі.
Ақ дәптерді парақтап ,
Қыс отырған секілді.

Арыстан

Би «Санта клаустар»



Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап.
Жаңа жылда келнді,
Бізге қарай жылыстап.

Айсұлтан

Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген.
Қандай әсем шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз.

Бексұлтан

Жылдың әнін бастайын,
Аяз ата кеп қалды.
Майчсады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

Ұлдана

Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жаңа жыл.
Ата-әже, әке шеше,
Құтты болсын жаңа жыл.

Айлин

Би«Испан»



Балалар Аяз атадан сыйлыктарын алып қуанып қалады



«Шыршаға бардык» әнін орындап шықты.